

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қарсақ ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҮЙРЫҚ №7

01.04.2024

Қарсақ ауылы


Өзін-өзі бағалау туралы

Мектептің өзін-өзі бағалау жұмысын ұйымдастыру мақсатында

БҮЙЫРАМЫН:

1. Негізгі іс-әрекет бағыттары бойынша 2021-2024 оқу жылындағы мектеп өзін-өзі бағалау өткізсін
2. Арнайы комиссия мүшелері құрылсын
 1. Нуртаева Р.Н.- мектеп меңгерушісі
 2. Ағбаева Б.К.- мұғалім
 3. Ағбаева Л.К.- тәрбиеші
3. Өзін-өзі бағалау жұмыстары аяқталысымен Ақмола облысы білім саласындағы бақылау бойынша Департаментіне жіберілсін.
4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Мектеп меңгерушісі:



Нуртаева Р.Н.

Бұйрықпен таныстырылды:

Ағбаева Б.К.

Ағбаева Л.К.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша
білім бөлімі Қарсақ ауылының бастауыш мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
ЕСЕБІ**

Қарсақ ауылы (қаласы)

« 01 » 04 2024 жыл

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қарсақ ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы):

Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қарсақ ауылы, Ардагерлер көшесі, 1 үй.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

8(71632)25-2-37, эл.пошта: karsak_01@mail.kz web-сайт: <http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/>

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

Нуртаева Роза Нурмадиевна «Ақмола білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі, Қарсақ ауылының бастауыш мектебі» КММ меңгерушісі қызметінде 2024 жылдың 10 қаңтардан бастап жұмыс атқарады. <http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/7900-24-04-24-17-15-28-prikaz>

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі):

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама Ақмола облысының әділет департаменті Бурабай ауданаралық Әділет басқармасымен 2021 жылғы 15 қаңтарда берілген. БСН: 021240003691. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қарсақ ауылының бастауыш білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы, Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы В №А-1/3 қаулысымен бекітілген. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі, Қарсақ ауылының бастауыш білім беретін мектебі» КММ Жарғысы қоса берілді.

<http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/2491-24-04-24-18-07-51-ustav>

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес қаулы» ұсынылады.

<http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/5694-24-04-24-17-20-44-licenziya>

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Қарсақ ауылының бастауыш білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2021 жылы 02 ақпан № KZ22LAA00021339 мемлекеттік лицензия және бастауыш білім беру, қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген.

<http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/5694-24-04-24-17-20-44-licenziya>

2. Мектеп бойынша кадр әлеуетіне сараптама

Қарсақ ауылының бастауыш білім беретін мектебі» КММ 3 мұғалім жұмыс атқаруда. Оның ішінде жоғары білімді 2, арнайы орта -1

қос қызмет атқарушы (совместитель) -1 мұғалім. Кадр мәселесі толығымен шешілген.

2023-2024 оқу жылында педагог және мұғалімдер кадрлардың саны – 3. Жоғары білімді – 2. Педагог- сарапшы -2

2021-2022 оқу жылында

2022-2023 оқу жылында

2023-2024 оқу жылында

Тиісті бейін бойынша жоғары оқу орнын бітірген, педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәлімет:

1. Нуртаева Роза Нурмадиевна- білімі жоғары. А.мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, 2008 жыл. Педөтілі-32, Лауазымы мектеп меңгерушісі, бастауыш сынып мұғалімі , педагог –сарапшы.18.07.2019 жыл. Бұйрық №228

2. Агбаева Баян Кажобаевна – білімі жоғары. Тараз Көкшетау университеті, 2020 жыл. Педөтілі 34 жыл. Бастауыш сынып мұғалімі. Педагог-сарапшы, 30.06.2018, Бұйрық №98

3.Агбаева Ляззат Казбековна- арнайы орта . Ж.Мусин атындағы қазақ педколледж, 1999 жылы. Педөтілі – 12 жыл. Бастауыш сынып мұғалімі.

4.Жүсіпбек Сапфира Бауыржанқызы- А.Мырзахметов атындағы университеті,2022 жылы.Педөтілі-8 жыл.Шет тілі мұғалімі.

(Қос қызмет атқарушы)

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары туралы мәліметтер.

Қарсақ ауылының бастауыш мектебінде 2021-2024 оқу жыл аралығында барлық мұғалім біліктілік санатын арттыру курсынан өтті.

2024 жыл

- 1.Нуртаева Роза Нурмадиевна-.26.10.2023 ж. «Өрлеу» БАҰО» АҚ
- 2.Агбаева Баян Кажыбаевна -26.10.2023 ж. «Өрлеу» БАҰО» АҚ
- 3.Агбаева Ляззат Казбековна-26.04.2023 ж «Өрлеу» БАҰО» АҚ
- 4.Жүсіпбек Сапфира Бауыржанқызы- 2023 ж

Педагог кадрларымен жасақталуы туралы кесте (7 қосымша)

Педагогтардың білімін анықтайтын құжаттары, дипломдары.

<http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/7618-21-05-24-17-31-33-diplom>

Біліктілік арттыру курстары сертификаттары

<http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/sertifikat>

Тарифтік тізім және штаттық кесте келесі сілтеме бойынша ұсынылды

<http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/tarifikacionnyy-spisok>

<http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/5526-04-05-24-12-49-21-shtatnoe-raspisanie>

4. Оқушылар контингенті

2021- 2022 оқу жылында «Қарсақ ауылының бастауыш мектебі» КММ
7 оқушы білім алды.

Мектепалды даярлық топ- 2 оқушы, 2-қыз бала

1-сыныпта 4 оқушы. 2-ер бала,2-қыз бала

2 сыныпта -1 оқушы.1-ер бала

3- сыныпта -жоқ

4 сыныпта 2 оқушы.2-ер бала

2022- 2023 оқу жылын «Қарсақ ауылының бастауыш мектебі» КММ 8
оқушы білім алды.

Мектепалды даярлық тобы жоқ

1-сыныпта 2 оқушы. 2-қыз бала

2 сыныпта 5 оқушы. 2 - е р б а л а , 3 - қ ы з б а л а

3- сыныпта 1 оқушы. 1-ер бала

4 сынып- жоқ

2023 – 2024 оқу жылын «Қарсақ ауылының бастауыш мектебі» КММ 7 оқушы

Мектепалды даярлық сынып -4 ер бала

1 - с ы н ы п ж о қ

2 - с ы н ы п т а - 2 о қ у ш ы . 2 - қ ы з б а л а

3-сыныпта 4 оқушы. 2 - е р б а л а , 2 - қ ы з б а л а

4 сыныпта 1 оқушы. 1-ер бала
2023 – 2024 оқу жылының бірінші жарты жылында мектеп бойынша 7
оқушы білім алуда.
Мектепалды даярлық сыныбында 4 оқушы.

Оқушылар контингенті кесте
<http://sc0067.zerenda.aqmoedu.kz/content/spisok-uchenikov>

5. Оқу-әдістемелік жұмыс

Мектептің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарлары берілді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарлары қарастырылды.

2023-2024 оқу жылына арналған мектеп жұмысының тақырыбы: «Ауылдық шағын жинақталған мектеп жағдайындағы бастауыш буын білімінің сапасын көтеру». 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік тақырып:

«Мұғалімнің кәсіби құзырлығын арттыру арқылы мектеп дамуының тұлғаға бағытталған ұстанымын жүзеге асыру».

Жылдық жұмыс жоспарының құрылымы:

1. 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жұмысының сараптамасы.
2. Жаппай біліммен қамтамасыз ету жоспары.
3. Мектепшілік бақылау.
4. Педагогикалық кадрлармен жұмыс.
5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Мектептің жұмыс жоспарлары құрылып, мектеп меңгерушісімен бекітілген.

Мектептің жылдық жұмыс жоспарларын зерделеу барысында бастауыш, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес мақсаттары мен міндеттері көрсетілгені анықталды.

Мектептің 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қарастырылды.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда 2 сынып комплект бар:

2-сынып жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 24 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 23 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған сабақ кестесі қарастырылды.

2021-2022 оқу жылында

Мектепалды даярлық тобы екінші ауысымда оқыды.

1-2-4 сынып оқушылары бірінші ауысымда оқыды.

2022-2023 оқу жылында 1,2,3 сынып бірінші ауысымда оқытылды.

2023-2024 оқу жылында 2-4,3 сынып бірінші ауысымда оқиды. Мектепалды даярлық сыныбы екінші ауысымда оқиды. Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің төрайымымен келісілген, мектеп меңгерушісімен бекітілген. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарларына сәйкес құрастырылған.

1-4 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізінде әзірленген.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары және 1.09.2023 – 01.04.2024 жыл аралығында «Kundelik.kz» электронды журналды жүргізу мониторингі алынып, талдау жүргізілді.

2023-2024 жылғы мониторинг бойынша тақырыптың толтырылуы – 100 %, журналдың жүргізілуі – 100 % 1 апта бойында бағалар қойылған журналдар саны – 168 ішінде 168, үй тапсырмасының уақыттылы толтырылуы – 100 %, жоспарлауды жүргізу – 100 %.

Оқу пәндерінің негізгі мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру бағдарламаларына сай жүргізілген.

«Күнделік.kz» электронды журналдағы «Қосымша білім беру» бөліміндегі факультатив күнтізбелік тақырыптық жоспарлары толтырылды.

«Қарсақ ауылының бастауыш мектебі» КММ 2021-2024 жылдар аралығындағы тәрбие жұмыстары

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру бойынша іс-шараларының жоспары зерделеніп, қарастырылды.

Тәрбие жұмысының жоспарын мектеп меңгерушісі бекітті. Қазақстанның білім беру жүйесінде тәрбиені дамыту мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі жағдайда балаларды әлеуметтендіру міндеттерін шешу бүкіл білім беру процесінің жаңа сапалы жағдайына көшу қажеттілігін туындатады.

Мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі деп таниды және балалар мен оқушы жастарды қоғамдағы толыққанды өмірге дайындаудың басымдығы қағидаттарын негізге алады.

Біздің мемлекетімізде балаларды, оқушы жастарды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері "Бала құқықтары туралы", "Білім туралы", "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен және басқа да нормативтік құқықтық құжаттармен реттеледі.

2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты – «Ұлттық рухы

биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиеттерді жетілдіретін білімді де, білікті ұрпақ тәрбиелеу».

Осыған орай тәрбие міндеттері:

- 1) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу.
- 2) оқушылардың оқу іс-әрекетіне тұрақты ынтасын дамыту, білім беру мен өз бетінше білім алудың өмір мен қызмет үшін маңыздылығын ұғыну.
- 3) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру.
- Отандық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ және басқа да этностар мен Қазақстанның этностық топтарының тарихын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шет тілдерін меңгеру.
- 4) елдің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру.
- 5) табиғатты сақтаудағы белсенді азаматтық ұстанымды; экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту.
- 6) әлеуметтік маңызы бар балалар, отбасы және ата-анармен жұмыс
- 7) балаларды тәрбиелеуде жалпы және қосымша білім беру жүйесінің рөлін арттыру, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру.

Осы мақсатта біз өз тәрбие жұмысымызда мемлекетімізде әзірленген: "Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасына", "адамгершілік-жыныстық тәрбие тұжырымдамасына", Сондай-ақ бірқатар нормативтік құқықтық құжаттарға, нұсқаулық-әдістемелік хаттар мен ұсынымдарға, «мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім берудің зайырлы сипатының қағидаттарын сақтау туралы», «білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған іс-шараларды өткізу туралы» Ұялы ауылының бастауыш білім беретін мектебінің тәрбие жұмыс жоспары құрылған.

Қоғамның қазіргі жағдайында жас ұрпақты тәрбиелеу басты әлеуметтік және мемлекеттік басымдыққа айналуы керек және мектептің басты бағыты - оны білім беретін мектепке айналдыру. Ұялы ауылының бастауыш мектебінің мұғалімдері қазіргі кездегі білім беру көзқарасын жеке тұлғаны дамыту процесін мақсатты басқару ретінде қолдайды. Үш жыл ішінде мектепте тәрбие жұмысы келесі негізгі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
- 2) рухани-адамгершілік тәрбие;

- 3) ұлттық тәрбие;
- 4) отбасылық тәрбие;
- 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
- 6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
- 7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі;
- 8) дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Осы бағыттар бойынша жоспарланған нәтижелер:

Баланың патриот азамат ретіндегі моделі, білімді адам, еркін, мәдени, адамгершілік, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға, әлеуметтік жетілу, өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі, қажетті білім деңгейі. Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастырды.

- Оқушылар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқарудың ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысады.
- Тәрбие жұмысының жүйесін тақырыптық кезеңдерге батыру арқылы ұйымның арқасында барынша ашық, қисынды болды; мұндай жүйе тәрбие жұмысының әрбір бағытын іске асыруға бағдарланған.
- Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы артты, соның арқасында сыныптардағы тәрбие жұмысының тиімділігі артты.
- Оқу процесінің тиімділігін бақылау жүйесі оқу процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды уақтылы анықтауға және талдауға мүмкіндік береді.
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылды, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуетін ашуға, Отбасы дәстүрлері мысалында отбасылық тәрбиені жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін күшейтуге ықпал етеді.

Мектептегі оқу-тәрбие және сыныптан тыс іс-шаралардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке басының өзін-өзі танытуына жағдай жасалып, үйірмелер, спорттық іс-шаралар жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында мектеп бойынша:

Қамқоршылықтағы балалар – 0 оқушы

Аз қамтылған отбасы балалары – 0 оқушы

Көп балалы отбасы балалары – 1 оқушы

Толық емес отбасы балалары – 0

Тегін тамақпен қамтылды. - 0

Мектептің тәрбие жұмыстары келесі әрекеттерді қамтиды:

.

· Бақылау және жетекші

- Рухани тәрбие
- Азамат - құқықтық тәрбие
- Балардың денсаулығы мен өмірін қорғау
- Еңбек тәрбиесі

Ата - аналар және қоғаммен жұмыс

"Мектепке жол" республикалық акциясы аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылының басталуына дайындық кезінде қолдау көрсетуге және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алуға бағытталған. Жұмыс жоспарына сәйкес 2022-2023 оқу жылының 1 тамызы мен 30 қыркүйегі аралығында "Мектепке жол" акциясы Қарсақ бастауыш мектебінде өткізілді. Акция барысында көпбалалы отбасыларына ата-ана комитетінің төрайымы Темиргалиева А.Н атынан көмек көрсетілді.

Осы мақсатта мемлекеттік мерекелерге, атаулы күндерге, оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған мектеп іс-шаралары салтанатты түрде өткізіледі.

Сонымен қатар, оқушылардың бойында Қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру мақсатында мектепте келесі іс-шаралар өткізіледі:

- апта сайын дүйсенбі күндері жалпымектептік жиында сынып жетекшілері мен оқушылар мемлекеттік әнұранды орындайды; - Республика күнін, ҚР Тәуелсіздік күні, Қазақстан Республикасының әнұранын үздік орындауға конкурстар өткізіледі;
- тәрбиенің кешенді бағдарламасына сәйкес көпұлтты Қазақстан жағдайында білім беру ұйымдарының этнопедагогикалық жүйесін модельдеу көзделеді. Мектебімізде өзге ұлт балалары білім алады сол себепті олардың құқықтарын бұзбауға тырысамыз.
- әлемдік мәдениеттің алуан түрлілігі және Қазақстанның мәдени адамгершілік қасиеттері туралы оқушылардың түсініктерін қалыптастыру;
- этникалық тәрбие ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұлттық тәрбие жүйесінде этнос субъектісін қалыптастыру;
- сыныптан тыс іс-шараларды өткізу (мерекелік кештер, викториналар, спорттық ойындар, суреттер, плакаттар, мәнерлеп оқу конкурстары және т. б. түрінде);
- сынып сағаттарын өткізу;
- дәстүрлі іс-шараларды өткізу:
 - 1 . Тілдер күні
 2. Алғшқы Президент күні
 3. ҚР Тәуелсіздік күні
 4. Қазақстан халықтарының бірлігі күні
 5. Отан қорғаушылар күні
 6. Ұлы Жеңіс күні
 7. Соңғы қоңырау

1. Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Патриоттық тәрбие беруде оқу жылының басында Білім күніне арналған бірыңғай сынып сағаты «Мен елімді сүйемін» Тіл мерекесіне орай «Ана тілім айбыным» атты кеш ұйымдастырылды «16-желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Желтоқсан боздақтары» іс-шара, «Туған жерім – Қазақстан» суреттер сайысы, «Менің Қазақстаным», «Қош келдің, әз Наурыз» мерекесі, «Бірлігіміз жарасқан!», 1-Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан», 7-мамыр ҚР Қарулы күштері күні, «9 мамыр-Жеңіс күні «Ынтымақ бейбітшілік асыл қазына» атты мерекелік іс-шаралар қашықтықтан өтілді.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие.

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Қамқорлық акция «Мектепке жол» акциясы, «Үлкенді сыйлау -парыз» әңгіме, Қарттар күні «Қарттарым асыл қазынам» қашықтықтан видеокұттықтаулар, Ұстаздар күні «Ұстаз-ұлы тұлға», қашықтықтан видеокұттықтаулар, «Елін сүйген -Елбасы», «ҚР мемлекеттік символдары» интеллектуалды викторина, «Тәуелсіздік тірегім» дарынды оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттау «Алғыс айту күні» «Мен неге құқықтымын» ашық тәрбие сағаттары өтілді.

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты

Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Тілдер мерекесі «Абай- дара қазақта» апталық, ақынның өмірімен танысу, «7 санының қасиеті» тәрбие сағаты. Президент күні «1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті» мерекесі, «Қарты бар елдің қазынасы бар» «Мерейлі отбасы» сайысы «Абайдың қара сөздері» мәнерлеп оқу, «Әлемнің 7 кереметі» әңгіме, «Қазақтың дәстүрлері-ай» тәрбие сағаты, «Өз еліммен мақтанамын» сынып сағаты, «Менің туым-менің мақтанышым»

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні «Тәуелсіздік тірегі» мерекелік іс-шарасы да өз деңгейінде өтілді. Ән, өлең шығару, шығарма, эссе байқаулары, «Жас Қыран» ұйымдарына 1 сынып оқушылары қабылданды.

4. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

«Отбасы-бақыт мекені» республикалық апталық, «Отбасы күніне орай «Мерейлі отбасы» сынып сағаттары, «Отбасындағы қызықты сәттер» фото сурет сайысы, «Үлкенді сыйлау парызымыз» тәрбие сағаты «Отбасы тәрбиенің ірге тасы» қайырымдылық акциясы, «Мен және отбасым» фото суреттер жинау сайысы.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Оқушы формасы –мектеп айнасы әр ай сайын оқушылармен әңгіме, түсініктеме ұйымдастырылып өткізілді. «Құстар біздің досымыз» жалпы сынып сағаты, ұялар жасау «Аспан әлеміне саяхат», «Жер-біздің ортақ үйіміз» жалпы сынып сағаттары өткізілді.

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

«Сенім телефоны» қабырға газетін ұйымдастыру.

«Аяулы күз, алтын күз» көрме ұйымдастырылды «Жолда сақ бол!» суреттер сайысы, «Атадан ақыл ініден ізет» сынып сағаты,

Жаңа жыл ертеңгіліктері «Қош келдің Жаңа жыл!» 1-4 сыныптарда. «Жол белгілерін білесің бе?» «Сыңғырла соңғы қоңырау» салтанатты жиын өткізілді.

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

«Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы» ата-атаналар жиналыстары өткізіліп отырады. «Алтын сақа» зияткерлік ойын, «Дәрумені мол тағамдар» тәрбие сағаты, «Интернеттің пайдасы мен зияны» ақпарат беру

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Денсаулық күніне орай мектептің ашық алаңында «Денсаулық –қимыл қозғалыс алаңы» сайыстар, Жолда жүру ережесін сақтату мақсатындағы

сынып сағаттары, «Жеке бас гигиенасы», «Денсаулыққа апарар жол» тәрбие сағаты «Спорт денсаулық кепілі» сыныптан тыс жұмыс.

2022-2023 оқу жылындағы аталған бағыттар бойынша мектептің тәрбие жұмысының бағыты бойынша іс-шаралардың өтілуінің талдауы.

2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша:

Қамқоршылықтағы балалар – 0

Аз қамтылған отбасы балалары – 0

Көп балалы отбасы балалары – 1

Толық емес отбасы балалары – 0

Бірінші бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

«Кел, балалар, оқылық» «Әліппе біздің досымыз» 1-сыныпқа арналған алғашқы мерекелік іс-шара салтанат залында өтілді. Қалған 2-4 сыныптарда ҚР Тәуелсіздіктің 30 ж. Арналған сынып сағаттар өтті. «Тәуелсіздікке қол жетті» «Туған жер» Семей полигоны тәрбие сағаты, Президент күні «1-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күні» салтанатты жиын өткізілді кітап көрмесі, «**Жас Қыран**» ұйымының қатарына 1- сыныпты қабылдау.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Отан қорғаушылар күні» мерекесі «**Ұмытпаймыз бұл күнді**» **9 мамыр мерекесі** «Қазақ ақыны, әдебиеттанушы Жамбыл Жабаев -175 жыл» жалпы сынып сағаты, «**Жер анаға бас иеміз**» тәрбие сағаты 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні «Дос болайық бәріміз», 1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күні. «Бақытты балалық шақ» мерекелік іс-шара. ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне, Астана күніне, ҚР Конституциясы күніне арналған іс-шаралар.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Қамқорлық акция «**Қарттарға қамқорлық көрсетейік**», «Ұстаздық еткен жалықпас» мұғалімдер күніне арналған мерекелік концерт, «Мектептің өзін-өзі басқаруы» жобасы бойынша іс-шара, Тәуелсіздікке арналған «**Тіл елдің тұғыры**» ашық тәрбие сағаты, Тәуелсіздікке арналған «**Кітап-досым, кітап-қазынам, кітап-ақылшым**» «**Қазақтың дәстүрлері**» сыныптан тыс,

«Атамның ақылы» сыныптан тыс жұмыс.

«Халықаралық ынтымақтастық күні» мерекелік іс-шара,

«Мұқағалиден бір ән туғанына» жалпы сынып сағаты, 8-наурыз мереке күні **«Қыз-өмірдің қызғалдағы»**, **«Сыңғырла, соңғы қоңырау!»** салтанатты жиын, **«Бастауышпен қоштасу»** мерекелік іс-шара.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты:Тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

«Кітап таусылмас қазына» ашық тәрбие сағаты, **«Еңбектің наны тәтті»** ашық тәрбие сағаты,

Тәуелсіздікке арналған **«Ұлттық теңге күні»** сынып сағаты, **«Халқымыздың салт-дәстүрі»** сыныптан тыс

«Армысың ,әз Наурыз» мерекелік бағдарлама, 1-мамыр халықтар бірлігі күніне орай **«Ұлт татулығы ел бірлігі»** ұранымен іс-шара өткізуді ұйымдастыру Мерекелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді.

Төртінші бағыт – Отбасылық тәрбие

Мақсаты:Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Отбасы күніне арналған көңілді старттар. **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы бойынша оқырмандар сайысы. **«Мен отбасыммен кітап оқимын»** жобасы бойынша челлендж, **«Отбасым-ошақ басым»** тәрбие сағаты. Қысқы демалыс уақытындағы Ата-аналар жиналысының 2 отырысы өтілді.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты:Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

«Таза мектеп » «Таза сынып» дәстүрлі, **«Еңбектің наны тәтті »** ашық тәрбие сағаты,

Ауылда көл болғандықтан жыл сайын мұз қата бастаған кездегі судағы қауіпсіздікті сақтау туралы сынып сағаттары үзбей өткізіліп отырылады .**«Білекті бірді- білімді мыңды жығады»** , Қыс мезгілінің ауа райына байланысты **«Қоршаған ортадағы қауіпсіздік»**, **«Құстарға қайтып келеді»**, **«Жер-Ана»** күніне орай ағаш отырғызу, тазалау акциясына қатысу. Оқушылардың сауықтыру лагеріне іс-шаралар ұйымдастыру,

«Таза сенбілік» акция. Мектеп аумағында гүл және ағаш отырғызу іс-шаралары өтілді.

Алтыншы бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты:Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Барлық оқушыларды мектеп кітапханасынан 100 пайыз тегін оқулықтармен

қамту /көп балалы отбасыларының балаларына бірінші кітаптарды тарату/, күзгі демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «**Ұлттық валюта**» ашық тәрбие сағаты, «Қош бол, Әліппем!» ашық тәрбие сағаты, «Қазақстанның көрікті жерлері» сынып сағаттары, «**Сиқырлы қазан**» сайыс сабақ Оқушыларға жеке тұлға ретінде қарап көмек жасау, сабаққа көп кешігетін және көп қалатын оқушылармен жекелеген әңгіме жүргізу, 2 сәуір кітап күні «Оқулықтан білім аламын, оны таза ұстаймын» сайысын ұйымдастыру. «Халықаралық балаларды қорғау күні» іс-шаралар толығымен ұйымдастырылып өткізілді.

Жетінші бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық тәрбиесі

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

«**Ұстаздық еткен жалықпас**» мерекелік іс-шара «**Маужырап барқыт алтын күз**» іс-шара,

«**Қош бол, Әліппем!**» ашық тәрбие сағаты, «**Өнер туындылары**» тәрбие сағаты, «**Көкпар**» сыныптан тыс сайыс сабақ,

«**Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Ж.Жабаевтың туғанына-175 жыл**» жалпы сынып сағаты. «**Кел Жаңа жыл Жаңа жыл «Қазақтың лирик ақыны М.Мақатаевтың туғанына-90 жыл**» жалпы сынып сағаты. «**Сыңғырла соңғы қоңырау**» салтанатты іс-шара. Барлық іс-шаралар уақытылы өтілді.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Мақсаты:

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық

денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Жол-көлік оқиғаларын болдырмау. Жолда жүру ережесін сақтату мақсатындағы сынып сағаты, «**Экология және біз**» тәрбие сағаты

